

Стиль – сөйлеушінің, жазушының белгілі бір тақырыпқа қатысты сөз саптауы

Стиль түрлері

Ауызекі
сөйлеу стилі

Ғылыми
стиль

Ресми
іс-
қағазда
р стилі

Публицист
икалық
стиль

Көркем
әдебиет стилі

Стильдердің қолданылу аясы

Ғылыми стиль – ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда, ғылыми оқулықтарда қолданылады.

Ресми іс-қағаздар стилі - іс-қағаздарда, нұсқау хаттар мен кеңсе құжаттарында қолданылады.

Публицистикалық стиль - газет-журналда, жиналыстар мен митингілердегі сөздерде қолданылады.

Көркем әдебиет стилі - көркем әдеби шығармаларда қолданылады.

Ауызекі сөйлеу стилі – адамдармен еркін әңгіме кезінде қолданылады

Стильдердің ерекшелігі

Ғылыми стиль: дәлелді, зерттелген, сөзді тура мағынада алу.

Ресми іс-қағаздар стилі – ресми, анық, дәл, нақты.

Публицистикалық стиль: шақыру, үндеу, нақтылық.(мақала)

Көркем әдебиет стилі: образды, эмоционалды, экспрессивті.

Ауызекі сөйлеу стилі: сөздер мен сөз тіркестерінің еркін қолданылуы, күнделікті сөйлесу стилі

Стильдердің тілдік құралдары:

Ғылыми стильде - ғылыми терминдер жиі қолданылады. Көбіне хабарлы сөйлем болып келеді. Осы шақ, өткен шақта жиі қолданылады.

Ресми іс-қағаздар стилінде – кітаби, ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы өйлемдер мен даяр тіркестер мен құжат тілдері жиі қолданылады.

Публицистикалық стильде - риторикалық сұрақтар, стильдік қайталау, антитеза пайдаланылады.

Көркем әдебиет стилінде - ауыспалы мағына, көркемдік тәсілдер, суреттеме құралдары(теңеу, метафора) қолданады.

Ауызекі сөйлеу стилінде – қарапайым сөздер мен сұраулы, лепті сөйлемдер жиі қолданылады, көбінесе диалог түрінде келеді

Стиль түрлеріне қатысты мысалдар:

Емен ұзақ жылдар бойы өсе береді. Ол 1500 жылға дейін созылады. Жалпы емен жылы-сүйгіш ағаштар қатарына жатады.	Ғылыми стиль
Жәкіш қып-қызыл болып кетті. Алғашқыдағыдай тұмсығы тершіп, қыбыжықтай берді.	Көркем әдебиет стилі
Өз қалауыммен жұмыстан босатуыңызды сұраймын.	Ресми іс – қағаз стилі
-Кеше сабаққа бардың ба? Үйге қандай тапсырма берді? -Ережелерді жаттауға берді.	Ауызекі сөйлеу стилі
9 мамыр – Жеңіс күні қарсаңында Елбасымыздың жарлығымен халқымыздың аяулы ұлы Рахымжан Қошқарбаевқа “Халық қаһарманы” атағы берілді.	Публицистикалық стиль

Тест сұрақтары

1. Жазба тілдің стильдік тармақтарын көрсетіңіз.

- А) Ауызекі сөйлеу стилі В) Ғылыми стиль, сөз мәдениеті
С) жүйелі сөйлеу мәдениеті Д) Көркем әдебиет стилі
Е) мақала, баяндама

2. Ауызекі сөйлеу тілінің стильдік ерекшелігін табыңыз.

- А) үндемей тыңдау В) қарапайым сөздерді қолдану
С) тіл тазалығын сақтау Д) қыстырма сөздерді қолдану
Е) диалогке құрылмайды

3. Тілдесу үстіндегі қойылатын талаптар қалай аталады?

- А) коммуникативтік талап В) грамматикалық талап
С) лексикалық талап Д) мәнерлеп сөйлеу талабы
Е) ғылыми стиль тұрғыда

4. Стильдің қанша түрі бар?

- А) 4 В) 5 С) 6 Д) 3 Е) 2

5. Бұлт көлеңкесімен түтеген дала үнсіз бағынып, жаңбыр күтуде еді. Жел ұйытқытып қара жолдың күлгін шаңын көкке көтерді. Мәтін қай стиль үлгісінде жазылған?

- А) Ғылыми стиль В) ресми стиль
С) Көркем әдебиет стилі Д) мақала, баяндама
Е) ауызекі сөйлеу стилі

6. Стилистика қай тілдің сөзі?

- А) Араб В) Латын С) Орыс Д) грек Е) француз

7. Бірін-бірі бетпе бет көріп отырған екі не одан да көп адамдардың өзара пікір алысуы, түсінісуінде қай стиль қолданылады?

- А) Ғылыми стиль В) Көркем әдебиет стилі
С) Жазба тіл Д) ауызекі сөйлеу стилі Е) мақала, баяндама

8. “Ақуыз синтезі” қай стильге жатады?

- А) Ғылыми стиль В) ауызекі сөйлеу стилі
С) Көркем әдебиет стилі Д) публицистикалық стиль
Е) ресми стиль

9. Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы

Қиыннан қиыстырар ер данасы.....

Өлең қай стильде жазылған?

- А) Әдеби стиль В) Көркем әдебиет стилі
С) Ғылыми стилі Д) ауызекі сөйлеу стилі Е) іс-қағаздар стилі

10. Құрмалас сөйлем дегеніміз кем дегенде екі жай сөйлемнен тұрып, күрделі ойды білдіреді..... Мәтін қай стиль түріне жатады?

- А) ресми стиль В) ауызекі сөйлеу стилі
С) әдеби стиль Д) Ғылыми стиль
Е) публицистикалық стиль

11. “Хаттама, мінездеме, хабарлама” стильдің қай түріне жатады?

- А) публицистикалық стиль В) Ғылыми стиль
С) ресми стиль Д) әдеби стиль
Е) ауызекі сөйлеу стилі

12. Ресми іс-қағаздар түрін көрсетіңіз.

- А) мақала В) роман С) кейіптеу Д) өтініш Е) шығарма

13. Газет журналдар тілі қай стильге жатады?

- А) публицистикалық стиль В) Ғылыми стиль
С) ресми стиль Д) әдеби стиль
Е) ауызекі сөйлеу стилі

14. Өмірбаян, кепілхат қай стиль түріне жатады?

- А) публицистикалық стиль
- В) Ғылыми стиль
- С) ресми іс-қағаздар стилі
- Д) әдеби стиль
- Е) ауызекі сөйлеу стилі

15. Экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, сөйлемдер, неологизмдер, сұраулы, лепті сөйлемдер қандай стильдің сипатына сай келеді?

- А) публицистикалық стиль
- В) Ғылыми стиль
- С) ресми стиль
- Д) Көркем әдебиет стилі
- Е) ауызекі сөйлеу стилі

16. “Айтпақшы”, “тәйірі”, “ұят-ай” сияқты сөздер қолданылатын стиль түрін анықтаңыз.

- А) публицистикалық стиль
- В) Ғылыми стиль
- С) ресми стиль
- Д) әдеби стиль
- Е) ауызекі сөйлеу стилі

17. Сөйлем соңынан қойылатын тыныс белгіні табыңыз.

- А) сызықша
- В) сұрау, леп белгісі
- С) үтір
- Д) жақша
- Е) Қос нүкте